

Кселл акционерлердің жылдық жалпы жиналысының нәтижелерін хабарлауда

«Кселл» акционерлік қоғамы («Kcell» немесе «Компания») (LSE, KASE: KCEL) (Қазақстан, 050051, Алматы қ., Самал-2 ықш., 100), Қазақстан Республикасының табыс көлемі мен абоненттер саны бойынша жетекші ұялы байланыс жабдықтаушысы 2013 жылдың 24 мамырында 11:00-12:00-де, Royal Tulip Almaty қонақүйінде келесі мекенжай бойынша: 050020, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., М. Оспанов к-сі, 401/2, өткен акционерлердің жылдық жалпы жиналысында («Акционерлердің жиналысы») ұсынылған барлық шешімдердің бекітілгенін хабарлайды.

Күн тәртібі: 1. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлау мен дауыс беру формасын анықтау туралы. 2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы. 3. Шот комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттіктерін анықтау, оның мүшелерін сайлау туралы. 4. «Кселл» АҚ аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау туралы. 5. Жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы. 6. Қоғамның есептік қаржылық жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемін бекіту туралы. 7. «Кселл» АҚ директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы. Акционерлердің жиналысы күн тәртібіндегі үш процедуралық мәселе бойынша бірауыздан шешім қабылдады: акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің төрағасы және хатшысы сайланды, дауыс берудің ашық формасы анықталды, күн тәртібі ұсынылған редакцияда бекітілді, үш адамнан тұратын шот комиссиясының құрамы анықталды, шот комиссиясының мүшелері сайланған күннен бастап бір жыл мерзімге сайланды, шот комиссиясының жұмыс нәтижелері бекітілді. Акционерлердің жиналысы «Кселл» АҚ компаниясының аудитін жүргізетін аудит ұйымы ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тағайындады. Шешім бірауыздан қабылданды. Акционерлердің жиналысы 2012 жылғы жылдық қаржы есебін бекітті. Шешім бірауыздан қабылданды. Акционерлердің жиналысы бір жай акцияға шаққандағы дивиденд көлемін салықтардың есебімен 162,01 теңге сомасында анықтады, бұл 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімге 2013 жылдың 10 маусымында тізілімнің жабылу күнінде «Кселл» АҚ акционерлерінің төлеуіне жататын шамамен алғанда бір жаһандық депозитарлық қолхатқа гросс[1] 1,07 АҚШ долларына тең. Дивидендтерді төлеуді бастау күні 2013 жылдың 24 маусымына анықталды. Төлеуге жататын дивидендтердің жалпы сомасы 32 402 млн. теңге. «Кселл» АҚ деректемелері: Қазақстан, 050051, Алматы қ., Самал-2 ықш., 100, деректемелер: БСН 980540002879 БЖК KZKOKZKX IBAN KZ539261802102350000 «Казкоммерцбанк» АҚ-да Кбе17, төлеу тәртібі – бір рет, банктік шотқа бір аударым жолымен. Шешім бірауыздан қабылданды. Акционерлердің жиналысы Уильям Х.Р. Эйлуордтың Компанияның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі және тәуелсіз директор ретінде сайланды. Шешім дауыс беруге қатысатын дауыстардың жалпы санының қарапайым көбісімен қабылданды.